

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ
МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 2 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

15.12.2025 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы -аға оқытушы Ж.С.Еркишева, АК мүшесі, доцент К.И.Усманов, АК мүшесі, академиялық персонал, білімгерлер өкілдері

Күн тәртібі:

1.Әр ББ өзіндік бағалау жүргізу:

- соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері;
- Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері;
- жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері;
- сауалнамалар білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері;
- білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері;
- тулектердің жұмысқа орналасу нәтижелері.

2.ББ аудиттері және шешімдер қабылдау (магистратура БББ жаңарту, қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу)

3.Қараша-Желтоқсан айларында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы Еркишева Ж.С.: Күн тәртібімен таныстыра отырып, қаралатын мәселелерді атап өтті. Математика және статистиика бағыты бойынша ББ өзіндік бағалау жұмыстарына тоқталсақ, соңғы жылдары 6B05449-Математика білім беру бағдарламасының 2024 жылдың қорытындысы бойынша жұмыс берушілердің жалпы рейтинг критерийлері бойынша 3,40 % құрады. Білім беру бағдарламасы бойынша 2024-2025 оқу жылының бітіруші түлектері бойынша 7M05426-Математика білім беру бағдарламасы бойынша 100%-ы жұмыспен қамтылған болса, 6B05449-Математика білім беру бағдарламасы бойынша 74%-ы жұмыспен қамтылған .

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, доцент К.И.Усманов алды:

2025-2026 оқу жылына арналған магистратураның білім беру бағдарламасының (БББ) құрылымын сақтай отырып, оған заманауи технологиялық трендтерді енгізу мәселесі қаралды.

Магистратура мен бакалавр деңгейінде қолданыстағы білім беру бағдарламасының іргелі мазмұны мен кәсіби бағыты 2025-2026 оқу жылында өзгеріссіз қалдыруды жөн санаудамыз. Бұл шешім білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастықты сақтауға және оқу үдерісінің жүйелілігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар нарықтың цифрлық трансформациясын ескере отырып, оқу жоспарына жасанды интеллект (AI) негіздері мен оны кәсіби қызметте қолдануға бағытталған ендірілген жаңа пәндерді магистранттардың толық игеруі міндеттелсін. Бұл пәндер болашақ мамандардың технологиялық құзыреттілігін арттырудың негізгі құралы болып табылады.Білім беру бағдарламамыз бойынша біздің бағытымызда оқу процесіне практик-мамандарды тарта отырып, негізгі пәндер бойынша шеберлік сабақтары мен бірлескен дәрістер ұйымдастыру қамтамасыз етілсе деген ұсынысы бар екендігін тілге тиек етті.

АК төрағасы Еркишева Ж.С.: Құрметті АК мүшелері алда жұмыстар өте тығыз және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

Шешім: «Математика және статистика» бағыты бойынша АК жұмысын ұйымдастырып жоспары құрылсын, Ережелердегі өзгерістермен таныстырылсын, бакалавр және магистратура деңгейіндегі 2025-2030 жж ББ Даму жоспарлары әзірленсін, бекітуге ұсынылсын, қыркүйек-қазан айларында атқарылған іс шаралар нәтижесі талдансын.

Мәжіліс төрағасы:



Ж.С.Еркишева

Хатшы



К.И.Усманов